



Қалалық бюджеттен қаржыландырылатын, азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Атырау облысы Атырау қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 21 маусымдағы № 1337 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 25 маусымда № 5209-06 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 139-бабының 9-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31, 37-баптарына сәйкес Атырау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес қалалық бюджеттен қаржыландырылатын, азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау қаласы әкімінің орынбасары С.Нсанбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Атырау қаласының әкімі

Ш. Кейкин

Атырау қаласы
әкімдігінің 2024 жылғы
21 маусымдағы № 1337
Қаулысына қосымша

Қалалық бюджеттен қаржыландырылатын, азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының

ТІЗБЕСІ

1. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:
әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;

2. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

Ауылдық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшылары (директорлары);

ауылдық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын бөлім басшысы;

музыкалық жетекші;

кітапханашы;
барлық атаудағы әдістемеші;
аккомпаниатор.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК